



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igiman01@mail.ru

№12 (95170) 3 сәуір 2026 ж.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ата заңға қатысты мақаласы америкалық «The National Interest» журналында жарық көрді. «Әділетті, қуатты әрі өркендеген Қазақстанның жаңа Конституциясы» атты мақаласында Президент Қазақстанның жаңа Конституциясын қабылдау бойынша жуырда өткен республикалық референдум ұлт дамуының даңғыл жолға түскенін көрсететінін атап өткен.

— Еліміз саяси трансформацияның ең маңызды кезеңіне қадам басты. Тәуелсіздік алғалы 35 жыл ішінде мұндай елеулі уақиға болған емес. Соңғы жылдары үшінші мәрте өткен жалпыұлттық референдум еліміздің саяси жүйесі жетілгенін, азаматтарымыз мемлекет келешегін айқындайтын маңызды шешімдерді қабылдау үдерісіне тікелей атсалысуға дайын екенін байқатты. Референдумға дауыс беру құқығы бар халықтың 73,12 пайызы қатысты. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Конституциялық өзгерістерді дауыс берушілердің 87,15 пайызы, яғни, жұртшылықтың басым бөлігі қолдады, — деп жазды Президент. Мемлекет басшысы азаматтарымыз мақұлдаған Қазақстанның жаңа Конституциясы халықтың әділ әрі құқықтық мемлекетте өмір сүруді қалайтынын аңғартатынын жазған.

— Заң мен тәртіп, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарау және оны мүлтіксіз сақтау, қоғамды жаңғырту қағидаттары Конституцияға арқау болды. Сондай-ақ білім, ғылым, технология, мәдениет салаларын ілгерілетуге, экологиялық сана, волонтерлік, отаншылдық құндылықтарын дәріптеуге басымдық берілді. Ең маңыздысы, Қазақстанның зайырлы мемлекет екені анық жазылды. Бір жағынан, мұны жас буынның үмітін ақтауға бағытталған айтулы қадам десек болады. Сол себепті жаңа Конституция өскелең ұрпақтың бағдары, темірқазығы ретінде қызмет атқаратынына сенімдімін, —

ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, Ата заңымыз өте мұқият, барынша жауапкершілікпен әзірленген.

— Мәтіндегі әрбір сөйлемнің жазылуына өзім де үлес қостым. Конституциялық комиссия құрамына еліміздің 129 азаматы енді. Қоғам атынан осылай өкілдік ету бұрын-соңды болмаған. Олар Конституцияны егжей-тегжейлі зерделеп, сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдардан келіп түскен 12 мыңға жуық ұсынысты қарастырды. Ата заң жобасы алты ай бойы қоғам талқысынан өтті. Жаңа Конституция «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласына сай стратегиялық мұратымызды іске асыруға берік негіз қалап, оны одан әрі нығайта түседі, — делінген мақалада. Ол Президент квотасын алып тастау заң шығарушы билік тармағының дербестігін күшейтетінін тілге тиек еткен.

— Бір палаталы парламент жүйесіне (Құрылтайға) көшу заң шығару үдерісін жеделдетіп, жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа консультативтік орган — Халық кеңесі азаматтардың мемлекет ісіне қатысу аясын кеңейтіп, қоғамдық диалогтың өрбуіне жол ашады. Сонымен қатар жаңа конституциялық жүйе аясындағы институционалдық реформалар мемлекеттік басқаруды жетілдіріп, басшы кадрларды тұрақты түрде жаңартуға септігін тигізеді. Бұл бағыттағы өзгерістердің нақты нәтижесінің бірі ретінде Вице-президент лауазымының енгізілуі, басты мемлекеттік тұлғалардың қызмет мерзімі мен құзыретін шектеу ел басқару жүйесінің кемелденгенін көрсетеді. Жаңа Конституция тек мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруді көздемейді. Оның өзегі — адам. Ата заңның ең үлкен бөлімі алғаш рет адам

құқықтары мен бостандықтарына арналып отыр, — деп жазды Президент.

Мақалада Ата заңға қатысты адамның жеке басына қол сұғылмау құқығына, сонымен қатар дербес деректердің қорғалуына, сот шешімінсіз тұрғын үйден айырмауға және шығарып жібермеуге кепілдік берілетіні айтылған. Сондай-ақ әр азаматтың білікті заң көмегін алу және қорғалу құқығын қамтамасыз ету үшін сот жүйесінің тәуелсіздігі едәуір нығайтады. Ең бастысы, енді Конституцияға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар тек жалпыхалықтық референдумда ғана мақұлданады. Осылайша, ел тағдырына қатысты аса маңызды шешімдер халықтың талқысынан өтіп барып қабылданатыны жазылған.

— Бұдан бөлек, жаңа Конституция ел дамуының стратегиялық негізін қалыптастырып, тұрақтылық пен жаһандық бәсекеге қабілеттілігімізді арттырады. Мәселен, Ата заңда меншік құқығын қорғау тетіктері күшейді, зияткерлік меншік қорғау туралы бап енгізіліп, экономикалық қызметтің ережелері айқындалды. Инновация мен индустрияның дамуына тың серпін беру үшін «қарқынды дамитын қала» арнаулы құқықтық режимі енгізілді. Қазақстан шетелдерден тікелей инвестиция тарту көрсеткіші бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Аймаққа келген инвестицияның 70 пайызға жуығы біздің елімізге тиесілі. Өйтсе де бұл бағытта әлі атқарылатын шаруа көп. Қазақстанның толық цифрлық елге айналу үдерісін жеделдету және инновацияға негізделген экономика құру үшін осындай реформалар жүргізілуі қажет еді. Бір жағынан бизнесті, инновация мен ұзақмерзімді серіктестікті дамытуға бейіл екенімізді Конституция деңгейінде бекіту арқылы халықаралық

инвесторлар мен серіктестердің сеніміне ие боламыз, — деп жазды Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жазуынша, дүние жүзіндегі дүрбелеңдерге қарамастан, Қазақстан отыз жыл ішінде көркейіп, әлемнің ең дамыған 50 экономикасының қатарына енді.

— Цифрлық үкіметті дамыту көрсеткіші бойынша жаһандағы үздік 30 елдің санатындамыз. Елімізде мұнай мен газдың мол қоры бар. Жаңартылатын қуат көздерін, аса маңызды пайдалы қазбалар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге әлеуетіміз жеткілікті. Біз — ғарыш державасымыз. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болдық. Бүгінде еліміз Орта дәліз аясында жаңа сауда бағыттарын өркендетуді қолға алды. Орталық Азиядағы көршілес елдермен тығыз ынтымақтастық орнатып, озық технологияларды игеруге, аймақтағы мықты суперкомпьютерді іске қосып, қазақ тілінің үлкен тіл моделін жасауға кірісті. Елімізде экономикалық тұрғыдан белсенді, еңбекқор, жоғары білімді азаматтардың үлесі басым. Олардың арасынан дарынды суретшілер, өнер жұлдыздары, мәнерлеп сырғанау, дзюдо секілді спорт түрлерінен Олимпиада жеңімпаздары шықты, — деп тоқталды Президент. Мемлекет басшысы 1995 жылы қабылданған Конституция Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеп, ел еңсесін тіктеуге оң ықпал еткенін айтқан.

— Ал жаңа Ата заң кемеліне келіп, жаңғыруға бет бұрған, келешекке қол созған қоғамның басты құжаты болмақ. Бұдан былай халқымыз тарихи таңдауын жасаған 15 наурызды Конституция күні ретінде атап өтеміз. Осы сындарлы сәтте тарихқа тағзым етіп, әділдік пен технологиялық прогресс қағидаттарын ілгерілететін, ашық экономика мен жауапты жаһандық серіктестікті қолдайтын қуатты мемлекеттің іргесін қалап жатырмыз, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінгі нөмірде:

► **Мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендіру тәртібі**




3

► **Мүгедек**



4

► **Наурызонама онкүндігі**



5

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады.

Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты әрі қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеңістікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында сұранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.



ТАҒАЙЫНДАУ

2026 жылғы 27 наурыздағы Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының жеке құрам бойынша бұйрығына сәйкес Елжас Қуанышұлы Сарқан ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды.



Елжас Қуанышұлы 1994 жылғы 9 қарашада Алматы облысы, Талдықорған қаласында дүниеге келген.

2012 жылы І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-не түсіп, «Қоршаған ортаны қорғау және өмір-тіршілік қауіпсіздігі» мамандығы бойынша білім алып, 2016 жылы оқу орнын аяқтады.

2016 жылғы 8 қазанда әскер қатарына шақырылып, Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы Мақаншы ауылдық округі Мақаншы ауылындағы №2086 әскери бөлімде, шекара қызметінде әскери борышын өтеді.

2018–2026 жылдары Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғау органдарына қызметке қабылданып, Жетісу облысы Көксу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінде бас маман лауазымын атқарды.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халықаралық Аралды құтқару қорының басқарма мүшелерімен кездесу өткізді. Сондай-ақ Қазақстан аталған қорға төрағалық етуін биыл аяқтайды.

Жиынға Тәжікстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Сулаймон Зиёзода, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Тангрыгулы Атахаллыев, Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Өзбекстан Республикасының су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Қырғыз Республикасының Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі министрінің орынбасары – Министрлік жанындағы Су ресурстары қызметінің директоры Алмаз Жәэналиев, Халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомство басшылары қатысты.

Су шаруашылығы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты әрі қарай дамыту, Қор қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ биылғы 22 сәуірде Астанада өтетін ХАҚҚ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелері қаралды.

Олжас Бектенов Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған Аралды құтқару және трансшекаралық су ресурстарын тұрақты басқару мәселелері



Олжас Бектенов Халықаралық Аралды құтқару қорының басқарма мүшелерімен кездесті

басым бағыттар қатарында екенін атап өтті. ХАҚҚ отыз жылдан астам уақыт бойы Орталық Азия мемлекеттерінің су, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзара әрекеттесуінің негізгі өңірлік алаңы болып отырғаны баса айтылды.

Кездесу барысында су есебін жүргізу мен басқаруды цифрландырудың маңыздылығы атап өтілді.

«Мұнда Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу және бөлу бойынша бірыңғай автоматтандырылған

жүйені кезең-кезеңімен енгізу туралы сөз болып отыр. Цифрландыру мен есепке алу су пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын. Сенімді деректердің болуы және бірлескен мониторинг мемлекеттер арасындағы сенімнің негізі болып саналады және су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазіргі заманғы шарттық-құқықтық базаны қалыптастыру аясында Қазақстан Орталық Азияның су ресурстарын пайдалану жөніндегі Негіздемелік конвен-

циясын пысықтауды қолдайды. Құжат су ресурстарын ұтымды пайдалану, трансшекаралық зиянның алдын алу және гидрологиялық ақпарат алмасуды дамыту бойынша келісілген қағидаттарды бекітуі тиіс.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық су проблемаларын шешу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсынды. Бұл бастама күш-жігерді біріктіруге және қосымша ресурстарды тартуға, соның ішінде өңірлік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кездесу барысында Қор жұмысының тиімділігін арттыру, оның институттары арасындағы үйлестіруді күшейту және қабылданатын шешімдердің нәтижелі жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдастырушылық құрылымын және шарттық-құқықтық базасын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сондай-ақ алдағы Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы қарсаңында негізгі мәселелер бойынша келісілген тәсілдерді әзірлеудің маңыздылығы атап өтілді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар сындарлы диалогті жалғастыруға, су дипломатиясын дамытуға және өңірдің су ресурстарын тұрақты басқаруға, сондай-ақ Арал теңізі бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған ортақ шешімдерді бірлесіп іздеуге мүдделі екенін растады.

Жетісу облысында жастарға арналған «JASTAR INFO» ақпараттық кеңес беру пункті ашылды. Бұл жоба жастарға қажетті кеңестерді бір жерде шоғырландырып, олардың білім алуына, жұмысқа орналасуына, құқықтық сауаттылығын арттыруға және әлеуметтік мүмкіндіктерді тиімді пайдалануына жағдай жасауға бағытталған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жастарға арналған кеңес беру пунктінің салтанатты ашылу рәсімі өткізілді



Іс-шара барысында өңірдегі жауапты тұлғалар сөз сөйлеп, жастар саясатының маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларға жаңа ақпараттық пункттің мүмкіндіктері таныстырылып, оның жұмысы жан-жақты көрсетілді. Атап айтқанда, пункт бірнеше негізгі бағыттар бойынша қызмет көрсетеді. Мәселен, білім беру саласында – мамандық таңдау, оқу орындарына түсу және білім бағдарламалары бойынша кеңес беру, құқықтық бағытта – жастардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, заңгерлік кеңес беру және құқық бұзушылықтың алдын алу, NEET санатындағы жастар бойынша – жұмысқа орналасу, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, түйіндеме әзірлеу және сұхбаттан өту дағдыларын дамыту, еңбекпен қамту бағытында – бос жұмыс орындары туралы ақпарат беру, кәсіби бағдарлау және еңбек нарығына бейімдеуді атап өтуге болады.

- Біздің бастамамызбен жастарды жан-жақты дамытуға бағытталған кеңес беру пункті ашылып отыр. Мұнда жастардың өзіне қажетті бағыт бойынша кәсіби мамандардан тегін әрі сапалы кеңес алу мүмкіндігі бар. Бұл нысан тек ақпарат беру орталығы ғана емес, сонымен қатар жастар мен мемлекеттік қолдау тетіктері арасындағы байланысты нығайтатын маңызды алаңға айналады деп сенемін, - «Jetisu jastary» KMM директоры Шамиль Ванкеев.

Шараға қатысқан жастар да өз пікірін білдірді.

- «JASTAR INFO» пунктінің ашылуы мен үшін қуанышты жаңалық болды. Себебі біз сияқты жастарға болашақ мамандықты дұрыс таңдау, оқу орындары мен білім бағдарламалары туралы нақты әрі сенімді ақпарат алу аса маңызды. Осы пункт арқылы өзіме қажетті бағыттар бойынша толыққанды кеңес алып, болашағыма деген сенімділік пайда болды. Мұндай орталықтардың көбейгенін қалаймын, - деді Аида Карабаланова.

- Мен үшін ең маңыздысы жұмыспен қамту бағыты болды. Осы жерде бос жұмыс орындары туралы нақты ақпарат алып, еңбек нарығының талаптарын түсіндім. Бұрын бойымда сенімсіздік болса, енді қай бағытта даму керектігін түсіндім. Осындай пункттер жастардың жұмыс табуына оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын, - деді Данияр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

•Цифрландыру және жасанды интеллект жылы

Жетісуға болашақ технологиясы тақырыбы талқыланды

Биылғы цифрландыру жылы аясында Жетісу облысында болашақ технологиясы тақырыбы кеңінен талқыланды. Талдықорғандағы «Jetisu Digital» IT-хабы базасында өткен «Empowering Kazakhstan's Future: IT & AI Insights 2026» атты мазмұнды конференция өңірдің технологиялық әлеуетін дамытуға бағытталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Шара барысында қатысушылар заманауи цифрлық бағыттармен танысып қана қоймай, өз жобаларын жүзеге асырудың алғашқы тетіктерін меңгеруге мүмкіндік алды.

Кездесудің басты қонағы – халықаралық деңгейдегі сарапшы, JumpCloud компаниясының Platform Software Engineer-i, Cloud Architect әрі Google Developer Expert (GDE) Энез Туран бұлттық технологиялар, backend әзірлеу және таратылған жүйелер архитектурасы бағытындағы озық тәжірибесімен бөлісіп, күрделі жүйелерді құрудың заманауи тәсілдерін түсіндірді. Оның айтуынша, бүгінгі таңда cloud computing мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – IT саласында бәсекеге қабілеттіліктің негізгі факторларының бірі.

– Қазақстандық достарыммен бірге жасанды интеллект пен Gemini мүмкіндіктері туралы бірегей воркшоп өткіземін. Біз IT, AI және нақты инженерлік тәжірибелерге терең бойлап, болашақты шынымен қалыптастыратын инсайттарды қарастырамыз. Мен өз біліміммен бөлісіп, технологиялардың алдағы даму бағыты және осы үдерістің бір бөлігіне қалай айнала алатынымыз жайлы баяндаймын. Егер технологияларға, жасанды интеллектке және маңызды дүниелерді жасауға қызығушылық танытсаңыз, онда бүгін сіздің орныңыз – осы жерде, біздің қатарымызда, - деді Google Developer сарапшысы Энес Туран.

Бір ерекшелігі, жиын толықтай ағылшын тілінде өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл халықаралық деңгейдегі тәжірибені тікелей қабылдауға жол ашады.

– «Google» компаниясының атақты сарапшысының жасанды интеллект және оның Қазақстандағы болашағы туралы дәрісін тыңдадық. Бұл – талдықорғандықтар үшін ерекше мүмкіндік, өйткені бізге Түркиядан маман арнайы келіп отыр. Мұндай деңгейдегі спикерлерді табу өте қиын, келіссөз жүргізу де оңай емес, себебі олардың бос уақыты жоқ, тек алдын ала жоспарланған кесте бойынша ғана сапарға шыға алады. Тыңдаушы ретінде біз жергілікті студенттер арасындағы әзірлеушілерді, осы бағытқа қызығушылық танытатын әрі үлгерімі жақсы мектеп оқушыларын, сондай-ақ шетелдік мамандармен ынтымақтастыққа ниетті адамдар мен мамандарды шақырдық. Бүгінгі ақпарат баршаға пайдалы болады деп сенемін, – дейді ұйымдастырушылардың бірі, «Астана Хаб» АҚҚ-ның Талдықорған қаласы бойынша менеджері Маржан Мүлкібаева.

Шара аясында өткен тәжірибелік воркшоп қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Мұнда нақты кейстер талданып, заманауи AI құралдары таныстырылды. Сонымен қатар жастар өз идеяларын пысықтап, оларды технологиялық жобаға айналдыру жолдарын қарастырды. Ашық пікір алмасу мен нетворкинг алаңы жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік беріп отыр.

Жиынға мектеп оқушылары, студенттер, жас мамандар және IT саласына бейжай қарамайтын өңір тұрғындары қатысты. Солардың бірі – Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясының 8 «Д» сынып оқушысы София Егорова.

- Мен әзірге мектепте оқимын, бірақ болашақта қандай мамандықты таңдайтынымды қазірден бастап ойлап жүрмін. Әлі нақты шешім қабылдамадым, сондықтан осындай іс-шараларға тұрақты қатысуға тырысамын. Қазіргі таңда басқа бағыттарға көбірек көңіл бөліп жүрмін, дегенмен жалпы ой-өрісімді кеңейту үшін арнайы уақыт бөліп, осы шараға келдім. Қазіргі жастардың әлеуеті үлкен, сондықтан әрдайым жаңа нәрселерді үйренуге ұмтылу керек, бұл біз үшін пайдалы болатыны сөзсіз, - деді ол.

– Бүгін шынымен ерекше күн, өйткені біз «Google»-дың қазіргі заманғы әзірлеушісімен тікелей тілдесу бақытына ие болдық. Меніңше, мұндай деңгейдегі маманның шеберлік сағатына қатысу – бағдарламашылар арасындағы жарыста жеңіске жетуген бірдей. Жетісу облысының жастары үшін бұл – зор мүмкіндік, – дейді осындай тренингтердің тұрақты қатысушысы, Талдықорғандағы №19 орта мектептің 10 «Ә» сынып оқушысы Рамазан Өмірғали.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мемлекеттік тұрғын үйі жекешелендіру тәртібі

Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйлерді жекешелендіруге мүмкіндік қарастырылған. Жекешелендіру – азаматтардың мемлекеттік тұрғын үйді жеке меншігіне алу процесі.

Жекешелендіру тәртібі Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңымен және мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйлерді жекешелендіру қағидаларымен реттеледі.

Жекешелендіруге кімдер құқылы?

Мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендіру құқығы осы тұрғын үйде жалдау шарты негізінде тұрақты тұратын азаматтарға беріледі.

Өтеусіз жекешелендіру:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейбір азаматтар санаты мемлекеттік тұрғын үйді өтеусіз негізде, яғни ақысыз жекешелендіруге құқылы.

Оларға мыналар жатады: - Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Тұрғынжай берілген Ұлы Отан соғысының ардагері қайтыс болған жағдайда оны тегін алу құқығы оның отбасы мүшелеріне өтеді; - I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар; - Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысқан азаматтар, сондай-ақ басқа радиациялық апаттардың салдарын жоюға қатысушылар; - ядролық сынақтардың салдарынан және экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтар; - қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелері; - әскери қызметшілер, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ қызметте, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттардың қысқаруына байланысты шекті жасқа толғаннан кейін құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында әскери қызметтен немесе қызметтен босатылған адамдар, Нақты айтсақ: күнтізбелік есептеуде 20 (жиырма) жыл және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар; күнтізбелік есептеуде 10 (он) жыл және одан да көп еңбек сіңірген және асырауында мүгедектігі бар баланы ұстайтын қызметкерлер. - ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер. - саяси қуғын-сүргіндер құрбандары, сондай-ақ "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақталған, мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар.

Қалдық құны бойынша жекешелендіру

Жоғарыда көрсетілген санаттарға жатпайтын азаматтар мемлекеттік тұрғын үйді қалдық құны бойынша сатып алу арқылы жекешелендіре алады.

Бұл жағдайда тұрғын үй құнын бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылған. Төлем мерзімі заңнамаға сәйкес бірнеше жылға дейін белгіленуі мүмкін.

Мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендіру мәселесі бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (ХҚКО) арқылы немесе электрондық үкімет порталы арқылы онлайн түрде тапсыруға мүмкіндік бар.

Сарқан ауданының ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ бөлімі.

«Парктер шеруі–2026» табиғатты қорғау акциясы

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде» «Парктер шеруі» халықаралық табиғатты қорғау акциясы 2010 жылдан бері тұрақты түрде өткізіліп келеді. Аталған бастама ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау, олардың маңыздылығын кеңінен насихаттау және қоғамның экологиялық мәдениетін арттыру мақсатында ұйымдастырылады.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін бұл акция табиғатты қорғау ісінде маңызды рөл атқарады. «Парктер шеруі – 2026» акциясы аясында қоғамның түрлі топтарын табиғатты қорғау жұмыстарына тарту көзделген. Атап айтқанда, мектеп оқушылары, студенттер, еріктілер, жергілікті тұрғындар мен мекеме қызметкерлері белсенді қатысады. Бұл акция тек табиғатты қорғау шарасы ғана емес, сонымен қатар экологиялық ағарту мен тәрбие берудің тиімді құралы болып табылады.

Акция барысында «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» тарапынан экологиялық сенбіліктер, ағаш отырғызу жұмыстары, танымдық экскурсиялар, көрмелер мен байқаулар, дәрістер мен ашық сабақтар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, оқушыларға, студенттерге және жергілікті тұрғындарға Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары, ұлттық табиғи парктері мен табиғи резерваттары туралы, оның ішінде «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» туралы жан-жақты ақпарат беріледі.

Іс-шаралар аясында парктің құрылу мақсаты мен міндеттері, географиялық орналасуы мен шекарасы, табиғи ескерткіштері, туристік-рекреациялық ресурстары, сондай-ақ парк құрылғаннан бергі атқарылған жұмыстар туралы ақпараттық сабақтар, лекциялар, дөңгелек үстелдер, экологиялық ойындар, мерекелік концерттер, митингілер, конференциялар, экскурсиялар және тақырыптық көрмелер өткізіледі. Мұндай іс-шаралар қатысушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелейді. Сонымен қатар, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың биоалуантүрлілігін сақтау, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды қорғау мәселелері кеңінен қамтылады.

«Парктер шеруі» акциясының тағы бір маңызды бағыты – табиғат мұражайлары мен экологиялық орталықтардың жұмысын жандандыру. Бұл келушілерге табиғат байлығы, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы кеңінен мәлімет алуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, «Парктер шеруі – 2026» акциясы табиғатты қорғау саласындағы маңызды әрі қажетті бастамалардың бірі болып табылады. Табиғатты сақтау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан осындай экологиялық іс-шараларға белсенді қатысу арқылы біз болашақ ұрпаққа таза әрі көркем табиғатты сақтап қала аламыз.

М.СУЛЕЙМЕНОВА,

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» Рекреация, экологиялық ағарту және туризм бөлім басшысы.

ЖОБА

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы «Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 16-64 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы «Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 16-64 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 189842 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

басшылыққа алады.»;

7-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Әлеуметтік маңызы бар аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған тұлғалар (отбасы):

әлеуметтік маңызы бар оның ішінде: туберкулез ауруымен диспансерлік есепте тұрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай - 7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш, ай сайын;

адамның иммунитет тапшылығы вирусін жұқтырған балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 еселенген мөлшерінде, ай сайын;

7-тармақтың 9)-10) тармақшалары алып тасталсын;

7-тармақтың 11)-12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдерінің біріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды санаторлық-курорттық емделуге алып (еріп) жүретін адамдарға жан басына шаққандағы орташа кірісін есепке алмай, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде әлеуметтік көмек;

12) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне кірісін есепке алмай коммуналдық қызметтерді төлеуге 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек, ай сайын»;

7.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7.1. Жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай, бірақ кепілдік берілген сомадан артық емес, жылына бір рет санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек:

1) осы қағиданың 7-тармағының 1)-5) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға;

2) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін қуғын-сүргіндерге ұшыраған тұлғаларға.»

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ПРОЕКТ

РЕШЕНИЕ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

О внесении изменений в решение Сарканского районного маслихата от 8 декабря 2023 года № 16-64 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Сарканского района»

Сарканский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Сарканского районного маслихата от 8 декабря 2023 года № 16-64 «Об утверждении правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Сарканского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 189842) следующие изменения:

в Правилах оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Сарканского района, утвержденным указанным решением:

подпункт 6) пункт 7 изложить в следующей редакции:

«6) Лицам (семьям) признанными ограничение жизнедеятельности вследствие социально значимых заболеваний:

лицам, состоящим на диспансерном учете с социально значимым заболеванием в том числе: туберкулез без учета среднедушевого дохода в размере 7 (семь) месячных расчетных показателей, ежемесячно;

родителям или иным законным представителям детей, инфицированных вирусом иммунодефицита человека состоящих на диспансерном учете без учета среднедушевого дохода в 2 (двух) кратном размере величины прожиточного минимума, установленного Законом Республики Казахстан о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, ежемесячно»;

подпункты 9)-10) пункта 7 исключить;

подпункты 11)-12) пункта 7 изложить в следующей редакции:

«11) Социальная помощь на санаторно-курортное лечение одному из законных представителей детей с инвалидностью и лицам, сопровождающим лиц с инвалидностью первой группы на санаторно-курортное лечение 1 раз в год без учета среднедушевого дохода в размере 70 (семидесяти) процентов от гарантированной суммы»;

12) Социальная помощь на оплату коммунальных услуг ветеранам Великой Отечественной войны без учета доходов размере 3 (трех) месячных расчетных показателей, ежемесячно.»;

пункт 7.1 изложить в следующей редакции:

«7.1. Социальная помощь на санаторно-курортное лечение 1 раз в год, но не более гарантированной суммы, без учета среднедушевого дохода:

1) лицам, указанным в подпунктах 1)-5) пункта 7 настоящих Правил;

2) лицам, подвергшимся репрессиям за участие в событиях 17-18 декабря 1986 года в Казахстане.»;

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Нұрғали КӨПЕСБАЕВ

Мүгедек, кемтар деген сөзді естігенде сау адамның да жүрегі сыр беретін шығар. Кімнің кемтар болғасы келеді дейсің. Біреу туасы мүгедек болып дүниеге келеді, біреулері жүре келе кемтарлыққа ұшырайды.

Мүгедек болып өмір сүру оңай емес екен. Мүгедектің жаны өле өлгенше қиналумен жүреді, жүрегі шаншиды, жүйкесі күйзеледі. Әрине, сыр бермеуге тырысасың. «Мың күнгі жұмақтан бір күнгі жарық артық» деген аталарымыздың лұғатымен тіршілік етесің.

Біз – Ұлы Отан соғысының мүгедегіміз. Соғыс адам баласына қырғын, аштық, сұмдық әкелді. Зар заманның сұмдығын көзбен көріп, қолмен ұстаған куәгеріміз.

Жасымда батыр болғым келетін, ақын-жазушы болғым келетін, желге жеткізбейтін жүйрік болғым келетін. Қырсыққанда осының біреуіне де қолым жетпеді. Сұрапыл соғыста күн ұясына батып бара жатқанда жау оғынан сұлап түстім де есім кіргенде осынау кемтар болмысымды көрдім. Мен жатқан далалық госпитальды көрсеніз, айналамыз сасыған жараның иісі, дәрінің иісі, ыңырысып, шуылдаған дауыстар құлақ тұндырады. Аяқтың зырылы мен шаншуы мені де күннен күнге зарлата берді.

Бір күні капитан шеніндегі егделеу әйел аяғымдағы гипсті кестіріп, рентгенге салып көріп «аяқты кеспесе болмайды» деген ұйғарымға келді. Жыладым, жалбарындым, бірақ дәрігер айтқанынан қайтпады. Ол әуелі жараны тазалап, қан тамырының соғысын тексеріп, мені жылы сөзге айналдырды.

-Әке-шешен бар ма?
-Бар.
-Сенен басқа баласы бар ма?
-Жоқ, менен үлкені Сталинград шайқасында қаза болған.
-Әке-шешен көрі ме?
-Иә, көрі.
-Үйлендің бе?
-Жоқ.
-Сүйген қызың бар ма?
-Жоқ.
-Неше жасыңда армия қатарына алынды?
-17 жасымда, қазір 20-дамын.
-Бұрын госпитальге түстің бе?
-Иә, жеңіл жарамен, контузиямен.
-Орысша санай білесің бе?
-Иә, білемін.

Осылай дегенімше олар менің сау қол-аяғымды жатқан үстеліме таңып тастады. Аузыма бірдеңені жауып жіберіп, «Енді терең демалып санай ғой» деді. Мен созып-созып басым бастадым да өз дауысым өзіме әрең естіліп, басым шың ете түсіп есімнен танып қалдым.

Оянсам өзіміздің палатамызда жатыр екенмін. Жан-жағымға қарасам бұрын қызу әңгімелесіп жататын жолдастарым тым-тырыс, үндемейді. Жанымда медбике қыз отыр екен. «Шөлдедім» дедім. Ол лып етіп барып су әкеліп аузыма тосты. «Басымды көтеріп отырғыз» деп едім, сізге қозғалуға болмайды деді.

Енді өзімді байқасам аяғым ауыр тартип тұрған сияқты. Қолымды созып сипалап едім, бірдеңені таңып қойыпты. Ары қарай қолым жетпеді, аяғым бар ма, жоқ па, белгісіз. Басымды көтеріп көрейін десем қозғала алмадым. Сол арада медбике келіп укол салды да мен тағы да ұйықтап кеттім.

Келесі оянғанымда өзімді өліп-тірілгендей сезіндім. Кейін естідім, наркоз деген дәрімен өлтіріп-тірілтіп алады екен. Иісі мұндай сасық болар ма?!

-Менің аяғымды кесіп тастап па?-деп сұрадым жолдастарымнан.
-Иә, кесіп тастады.

Тамағымға запыран тұрғандай, ішім күйіп барады, солқылдап жылай бердім. Ауылдағы әке-шешем, туған-туыстарым, құрбы-құрдастарым, сұрапыл соғыстың лаңы, бәрі-бәрі көз алдымнан көз жасыммен бірге тізбектеліп өтіп жатты.

Дәрігер келіп көптеген жұбатау сөздер айтып, Отан алдындағы борышымды орындағанымды есіме салып, жаралы жанымға демеу берді.

-Соғыс қазір Берлиннің өзінде жүріп жатыр, ұзамай жеңіске жетеміз, енді

Көзі тірісінде "Өмір өткелдері" атты деректі хикаятын қалдырған Ұлы Отан соғысының ардагері, "Қызыл жұлдыз", "I дәрежелі Ұлы Отан соғысы" ордендерінің, "Ерлігі үшін" медалінің иегері Нұрғали Көпесбайұлының өз өмірін арқау еткен шығармасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

МҮГЕДЕК

(Майдагер жазбалары)

дұрыстап демал,-деп палатадан шығып кетті.

Сонымен сол аяғымның жамбасқа жалғасқан 10 сантиметр жерінен төмен қарай түгелімен кесіп алып тастапты. Кішкене қарақотырланған соң наркоз беріп тағы да ота жасап тігіп тастады. Үшінші рет наркоз бергенде сөгіліп кеткен жерін қайта жамады. Төртінші наркозбен сол қолымның быт-шыт болып сынған бұлшықет сүйектерін жамастырды. Адам итжанды деген рас екен. Кеудеден жан шықпаған соң бейнеттің қандайына да шыдайды екенсің.

Есіміз кіре бастағанда кілең аяғы жоқтарды пойызға тиіп, Киров облысының «Юрия» деген станциясына алып келді. Мұнда 3 корпус бар екен. Дерті ауырлауын 1 корпусқа, одан тәуірлеуін 2 корпусқа, жазылып қалғандарын 3 корпусқа ұстады. Қандаласы қаптаған ағаш үйлер. Көбінесе түнде ұйықтай алмай, күндіз тыныс аламыз. Осы жерден жазылып елге қайтқанымша 4-5 ай емделіп жатуға тура келді. «Мен аяғы жоқ, ауыр жаралы мүгедекпін, сіздерге масыл болғанша елге бармай-ақ осы жақта қала берсем қайтеді?» деп үйге хат жаздым. Әке-шешемнен, нағашыларымнан «Кеудеңе жаның болса елге орал» деген жауап келді.

Госпитальда офицерлер мен сержанттардың палатасында жаттым. «Енді біздің өмір осымен бітті, бізге шойнақсың деп әйел заты жоламайды, ел аралап қайыр сұрағаннан басқа ештеңе жоқ» дейді бұлардың әңгімесі. Көзімнен мөлтілдеп жас ағады, көкірегің қарс айырылады, ұйқы дегенің ұйқы емес, талықсып барып көзің ілінеді. Госпитальда армияда алып жүрген жалақымызды береді. Соған әлгілер самогон алып ішеді. Мені үгіттеп ішуге көндірді, кішкене көңілденген соң соғыстағы ерлігімізді айтып ұйқыға кетеміз.

3 корпусқа барғанымда станцияның қыз-келіншектерінен сыйлық келе бастады. «Осы сыйлық кімге барса, сонымен танысып, достасамыз» деп жазады қыздар. Маған да бір әдемі сыйлық тиді. Ішін ашып қарасам өрнектелген темекі салатын киссет, кестелі орамал. Қуанып қалдым. Менің қасымда аяғының басы жоқ, өкшесімен жүретін бір орыс старшина бар еді. Сол екеуіміз адрес бойынша іздеп бардық. Жолшыбай базардан бір қызыл гүл сатып ала кеттік. Барып таныстық, старшина мені таныстырды да кетіп қалды. Әдемі жас қыз. Вятскінің қызы тұрмақ қазақ қызымен осылай кездесіп көрмеген басым үндемей гүлді ұсындым. Өлгі қызым солқылдап жылады. Ыңғайсыз жағдайда қалдым. Мені қазақ деп жақтырмай отыр ма, немесе аяғы тым жоғары кесілген ақсақ деп отыр ма деп ойлап денем шымыр етіп үндеместен шығып кеттім. Былайырақ шығып алып жүрегім дүрсілдеп, құлағым шыңылдап, басым айналып, «шындығында енді әйел затына керегім жоқ екен ғой» деп қатты қайғырдым. Қатты теңселіп кеткен соң балдағымның біреуі қақ бөлініп сынып қалды. Ары жүре алмай жолдағы екінші корпусқа қона кеттім.

Бір жұмадан кейін өлгі қыз мені қайта шақырды. Алайда сол күнгі кешкі пойызбен елімізге қайтатын болдық та, кездесе алмадық. Бұл 1945 жылдың наурыз айы еді.

Менің түсетін жерім Молалы станциясы. Аудан орталығына дейін 130 шақырым

жер. Қазіргідей екіараға жүретін автобус дегенің атымен жоқ. Кез-келген көлікпен жетуге тырысу керек. Мен сол станцияға түнде келіп түстім. Кетерде осы бекеттен бір эшелон болып кеткенбіз, ал қазір мен жалғыз түсіп тұрмын.

Вокзал қараңғы, іші азынаған суық, қаңырап бос тұр. Амалсыздан бір үйдің терезесін шертіп, соғыстан келе жатқанымды айтып, әрең дегенде қонып шықтым. Жол азығына берген бір қорап консервді, шұжықты бердім. Басында ренжіген үй иесі азықты көріп қуанып қалды.

Таңертен ерте тұрып көшеге шықтым. Сарқан ауданының орталығына жүк машинасы барады екен, тілеуін бергір, жөнімді айтып едім кузовқа отыр деді, кабинада балалы әйел бар деді. Екі балдағымды үстіне лақтырып жіберіп, ағаш аяғымды сүйретіп әрең көтерілдім. Сау болсам ғой бірақ ырғып шығар едім. Обалы не керек, 130 шақырым жерге өгіз аяқпен кешке қарай әрең жеттік.

Аудан орталығында әр колхоздың қонақ үйлері болады. Біздің «Қызыл әскер» колхозының да қонақ үйі бар болатын. Машинадан түсіп, рахметімді айтып, бір үйге кіріп жылынып алдым. Бір шыны ыстық шай берді. Нан жоқ екені көрініп тұр, ел ашқарын деген сөз, бар болса соғыстан келе жатқан жаралы солдатқа барын бермей ме?!

Бұған да рахметімді айтып 2 балдағым мен протезімді сүйрете басып өзіміздің қонақ үйге келдім. Сол баяғы орында екен. Сәлем беріп кіріп едім бір жігіт пен 3-4 қыз-келіншектер бар екен, жас колхозшылар. Олар апақ-сапақта мені тани алмай аңырысып қалды. Балдағымна сүйеніп, сүйретіліп тұрған Нұрғалиды тани қою қиын еді. Қонақ үйдің күзетшілері ерлі-зайыпты Өміртемір мен бір көзі кемістеу Қайша деген кемпір. Сол Қайша апай бір көзімен тесіле қарап «Әкем-ау, Нұрғалимысың?» деп бас салып бетімнен сүйе бастады. Сонан соң барып манағы мен көрген адамдар жүгірді. Апыр-топыр құшақтасып, мәре-сәре болып қалды.

Байқаймын, мұндағылар маған мүсіркеп қарайды. Өйткені менен бұрын мұнда ауыр жаралы мүгедектер әлі келе қоймапты. Мен де олардың ойын сезе тұрып ештеңе демедім. Аудан орталығына келген күні сол жас колхозшылармен бірге бір үйге қонып шықтым. Протезімді шешпей, киімшең жата кеттім.

Ертеңінде колхоздың мал бригадирі Рахым ағай атшанамен келе қалды. Қасындағы әйел ауыл кеңес бастығы екен. Рахым ағайды бала күнімнен білетінмін. Екі иығы тіп-тік, шапшаң қимылдайтын жараған бәйге аттай сұлу әрі палуан адам. Күрескен адамын бойына жуытпай үйіріп жіберетін. Әке мұрасын ұстап колхоздың керек-жарағы үшін тері илеп, қамыт-сайман жасайтын. Соғыс жылдарында мал бригадирі болыпты. Кейіннен өзінің ата кәсібін оралды, 73 жасында дүние салды. Міне, осы екі кісі аудан орталығындағы жұмыстарын бітіріп, мені тандарына орап шанаға жайғастырды да ала жөнелді. Біздің колхоз бен аудан орталығының аралығы 30 шақырым. Байқап отырмын, ел өзгерісі болғанмен, жер өзгерісі болмаған сияқты. Сол баяғы асқар Алатауым аспанмен тілдесіп, бауырында өскен кешегі балаларын күтіп тұрған сияқты. Ауылға жеткенше небір әңгімелер айтылмады дейсіз. Соғыс туралы, оның елге тигізген ауыртпалығы

жайлы, қазіргі ел жағдайы жөнінде әңгіме жалғасты. Ағайдың бауыры да соғыста қаза болыпты. Раханның айтуы бойынша елдің қал-жағдайы нашар. Шықпа жаным шықпа деп күн көріп жатқан сыңайы бар. Біз соғысқа аттанған соң біздің колхоздың 40 пар атын арбасымен сыпырып алып майданға жөнелтіпті. Жалғыз жүк таситын автомашинаны да алып қойған. Қарала қағаз алмаған бірде-бір үй жоқ. Ақша салығы, ет-сүт салығы, зайымға зорлап жазу науқаны елді әбден әлсіретіп тастаған. Күндіз-түні қол күшімен жасалатын колхоздың жұмысының нәтижесі Отан қорғау қорына жұмсалып, елді есеңгіретіп тастапты.

Екі сағат мөлшерінде жол жүріп, кешкі шам жарығында үйге келдік. Балдағымна сүйеніп, аяғымды сылти басып кіріп келдім. Рахым ағай сүйінші сұрап жатып, әке-шешем бас салып жылап жатыр. Шешем ескі әдеті бойынша басымнан тұз айналдырып ұшықтап, отқа салды.

Алғашында әке-шешем құр балдаққа сүйеніп сылти басады екен деп ойлапты. Аяғымды кескенін білген жоқ. Ол кезде протез дегенді біздің ауыл көрмек түгілі естіген емес қой. Бұл жөнінде тіс жарып ештеңе демедім. Әке-шешем биелерін қысыр сауып, қыста да қымыз дайындайды екен. Мені әкелген кісілер қымызбен сусындап, рахметін айтып кетіп жатты. Енді үйге көрші-жекжаттар келді. Асқар таудай болып жеткен үлкен нағашым мені құшақтап, құмарынан шықты. Соғыста қаза тапқандарды еске алып біраз күңіреніп алды, Алладан қайырын сұрады. Байқаймын, ол кісінің де ішкі дүниесі әлем - тапырық болып отыр. Түн ортасы ауа ел тарқады.

Жатуға дайындалдым. Протезімді шешіп, шолақ аяғымды көрсеткенімде өкем алақанымен жүрек тұсын басып отырды, шешем егіліп жылап, аяғымды құшақтап жатып алды. Бір ұлынан өлідей айырылды, біреуінің түрі мынау. Өлден уақытта барып «Бұған да құдайға тәубе етейік, ел қатарлы күн көрерміз» деді ол.

Сабырға жеңдіргенімен анамның жан күйзелісі ертеңінде де сезіліп тұрды. Түні бойы ұйықтамағаны белгілі. Көзі, бет-аузы ісіңкіреп, домбығып тұрды. Ақсаңдасам да аяқ формасы бар протезбен жүрейін десем ол тіптен ауыр, зіл батпан. Шолтанып бір аяғыммен балдақпен жүрейін десем 1-2 күннен соң оқ сындырған сол қолымның қолтық асты ісіп кетеді. Өйтеуір құла биеге ақырын мінгізіп жібереді. Ешкімге көрінбей, Аманбұлақтың бойымен жар тасалап әрі-бері жүріп келемін. Аяқ басып жүріп көрсем жығылып қаламын. Көмейіме тас тығылғандай булығымын да ешкімге сездіргім келмейді.

Мен соғысқа кетердің алдында бір асау торы байталымыз болған еді. Асауды ұстап жүгендеп, өзім ерттеп, айылын мықтап тартып, жығылса да таскенеше жабысып, үстінен түспей жүріп үйреткен едім. Сол байтал керемет жүйрік жылқы болыпты. Соғыстағы балаларыңа көмек керек деп, зайымға жазылып, көмектесіндер деген соң айырбастап жіберіпті. Сол ат үйреткіш жас сабазың енді, міне, қақпанға түскен қасқырдай іші у жалағандай өртеніп, жуас, момақан биеге мініп-түсе алмайтын күйде зығырданы қайнап отыр.

Енді мен протезімді киіп алып үйді айнала көп жүретін болдым. Аманбұлақты жағалап жүруге дағдыландым. Күнделікті атқа өзім мініп, түсіп, бір жағымна ауып кетпей кең отыруға тырыстым. Ендігі өмірлік жолдасым балдағым, таяғым, протезім. Үйдің айналасынан шөп шауып, атымның түнде жейтін жем-шөбін ақырына салып қоямын. Сиырдың алдына шөп саламын. Есік алдын сыпырып, отын бұтаймын. Қысқасы қолымнан келген ұсақ шаруалардың бәрін жасауға ұмтылдым. Бос кезімде үзбей әртүрлі кітаптар оқимын. Оқуға барайын десем қаражат жоқ. Соғыстан кейінгі елдің түрі мынау, есеңгіреп қалған. Көбісі жесір әйел, жас бала, көрі шал. Менен бұрын 4-5 жеңіл жаралы болып келгендер бар екен. Соғысқа бармаған Төлеген деген ақсақ бригадир болыпты. Өзінен 25 жас кіші бізбен бірге оқыған Биажар деген әдемі қызды алыпты.

(Жалғасы бар).

Ұлттық құндылықтар жаңғырығы

Наурызнаманың алғашқы күні – КӨРІСУ КҮНІ

Бұл күн – адамдардың бір-бірімен амандасып, өкпе-ренішті ұмытып, ақ тілектерін арнайтын сәті. Қазақ халқы үшін татулық пен сыйластық әрқашан бірінші орында тұрған. Сондықтан да бұл дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ауданымызда да жарасым тауып келеді.

15 наурыз – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ

Осынау шапағат пен мейірімге толы ерекше күн қайырымдылық пен мейірімділікке арналды. Бұл күн аясында ауданымыздағы мұқтаж жандарға азық-түлік түрінде көмек көрсетіліп, үлкендерге құрмет білдірілді. Қоғамда жанашырлық пен қамқорлық сезімін арттыру – Наурызнаманың маңызды міндеттерінің бірі. Қанымызда бар қайырымдылық, жанымызбен үндескен жанашырлық, ұлттық кодымызды көрсететін қонақжайлық кеңінен көрініс тапқан бұл күн барынша мазмұнды болды.

16 наурыз – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ

Атаулы күн аясында Сарқанда 50 жас домбырашы “Келіншек” күйін орындады. “Қойтас” саябағында ауданның 50 жас өнерпазы бір мезетте қазақтың ұлттық мұрасы – “Келіншек” күйін әуелетіп, рухымызды аспандатты. Ұлттық өнерді дәріптеуге бағытталған бұл шара жас буынның домбыраға деген қызығушылығын арттырып, халқымыздың рухани құндылықтарын насихаттауға арналды. Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған бастама ұлттық мәдениетімізді ұлықтаудың жарқын көрінісіне айналды. Әсіресе жастардың ата-баба дәстүріне деген қызығушылығы артып, ұлттық болмысқа деген құрметі нығая түсті.

17 наурыз – ШАҢЫРАҚ КҮНІ

Береке мен бірліктің, мейірім мен махаббаттың символына айналған Шаңырақ күні өңірімізде ерекше мазмұнда аталып өтті.

Бұл күні 30-40-50 жыл отасып, өмірдің талай белесін бірге еңсерген үлгілі отбасыларымыз жаңадан шаңырақ көтерген жас жұбайларға ақ тілектерін арнап, жүрекжарды баталарын берді. Ұрпақ сабақтастығы мен отбасы құндылықтарының алтын көпірі болған бұл кездесу – тәрбиенің, сыйластықтың және даналықтың жарқын көрінісі болды.

18 наурыз - ҰЛТТЫҚ КИІМ – ҰЛТ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ

Наурызнама онкүндігі аясында Ұлттық киім күніне орай аудандық мекеме мен ұжым қызметкерлері қазақтың дәстүрлі киімдерін киіп, жұмыс күнін ерекше сән-салтанатпен бастады.

Бұл тағылымды бастама – ата-бабадан мирас болған ұлттық құндылықтарды дәріптеп, салт-дәстүрімізге деген құрметті арттыруға бағытталған маңызды қадам. Қазақы шапан мен камзол, зерлі тақия мен сәукеле – ұлттың өткені мен бүгінін сабақтастырып тұрған рухани мұраның жарқын көрінісі.

Мұндай игі шаралар арқылы ұлттық болмысымыз айшықталып,

Қазақ халқы үшін Наурыз мейрамы – тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, ол – жаңару мен жасампаздықтың, бірлік пен ізгіліктің символы. Соңғы жылдары бұл ұлы мереке жаңа мазмұнмен толықтырылып, «Наурызнама онкүндігі» ретінде кең көлемде аталып өтуде. Он күнге созылатын бұл мерекелік кезең Сарқан ауданында да кең көлемде атап өтіліп, ұлттық құндылықтар жан-жақты дәріптеліп, қоғамды игі істерге үндейтін көптеген іс-шаралар өткізілді.



мәдениетімізге деген құрмет пен сүйіспеншілік арта түседі. Ұлттық киім күні халықтың эстетикалық талғамын, тарихи ерекшелігін көрсетеді.

19 наурыз – ЖАҢАРУ КҮНІ

Наурызнаманың осынау күні Сарқан қаласында Желтоқсан оқиғасының 40

жылдығына арналған аллеяның бастауы алынып, аумағына ағаш көшеттері отырғызылды.

Аталған шараға аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қатысып, бөлімдер мен мекемелердің қызметкерлерімен бірлесіп, ағаш көшеттерін отырғызу, бұлақ көздерін ашу және өзен жағалауларын тазалау

жұмыстары атқарылды.

Бұл бастама – экологиялық мәдениетті қалыптастырумен қатар, тарихи оқиғалардың маңызын ұлықтауға бағытталды. Жалпы Жаңару күні табиғатты қорғау, қоршаған ортаны тазалау, ағаш отырғызу сияқты игі істермен ерекшеленеді. Бұл – табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті сақтаудың жарқын көрінісі.

20 наурыз – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

Ұлттық спорт күні – ата-бабадан қалған ойындарды жаңғыртудың тамаша мүмкіндігі. Көкпар, қазақша күрес, асық ату сияқты ойындар халықтың рухын көтеріп, салауатты өмір салтын насихаттайды.

Бұл күні аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде ұлттық ойындар өріс алды. Атап айтқанда мекеме-ұжымдар арасында асық ату, арқан тартыс, бестас, тоғызқұмалақ сынды жылдамдықты, мықтылықты сынға салған спорттық ойындар өтіп, мықтылар анықталды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеген жарысқа 8 командадан құралған 70-тен астам қатысушы жиналғандығын айта кеткеніміз жөн.

21 наурыз - ЫНТЫМАҚ КҮНІ

Ал Ынтымақ күні ауданымыздағы 13-ке жуық түрлі этностардың достығы мен бірлігі айшықталды.

22 наурыз – ЖЫЛ БАСЫ

Осынау ерекше күні М.Тынышбаев атындағы орталық алаңда «Қош келдің, өз Наурыз» атты мерекелік бағдарлама барлық келушілерге көтеріңкі көңіл-күй мен шаттық сыйлады. Аудан тұрғындары мен қонақтары әсем ән мен тәтті күйді тамашалап, жайылған ақ дастарханнан дәм татты, шуағын молынан шашқан күн аясында арқа-жарқа болысты. Бұл күні «Қойтас» саябағында ұлттық спорттан жарыстар өріс алып, кіл мықтылардан кім мықты анықталып, жүлделер үлестірілді. Бұл күні әр шаңырақта ақ дастархан жайылып, Наурыз көже әзірленді. Халық бір-біріне ізгі тілектерін айтып, жаңа жылды зор қуанышпен қарсы алды.

23 наурыз – ТАЗАРУ КҮНІ

Онкүндіктің соңғы күні – Тазару күні. Бұл күн қоршаған ортаны тазалап қана қоймай, адамның жан дүниесін де тазартуға үндейді. Әр адам өткенге есеп беріп, болашаққа жаңа жоспар құрады. Бұл күні «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында аудан аумағында «Тазару күні» акциясын іске асыру шеңберінде жалпы аудандық сенбілік өткізілді.

Осыған орай, аудан аумағында тазалық күні ұйымдастырылып қала және әр ауылдық округ тарапынан іс-шара жоспары құрылып, тұрғындар және мекеме қызметкерлері аумақтарды санитарлық тазалау (жасыл желектерді отырғызу, бұтақтарды кесу, арық желісін тазарту, аула, көше бойына тазалық жүргізу және тағы басқа) жұмыстарын жүргізді.

Қорыта айтқанда, Наурызнама онкүндігі – халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрін жаңғыртатын, қоғамды бірлікке, ізгілікке және жауапкершілікке тәрбиелейтін маңызды кезең. Бұл – ұлт руханиятының жаңғырып, жаңа белеске көтерілетін шағы.

Өз тілшіміз.

ҚАЗАҚ ОПЕРАСЫНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ - МҰҚАН ТӨЛЕБАЕВ

Мұқан Төлебаев — қазақ музыкасының көгінде жарық жұлдыздай жарқыраған, ұлттық өнердің еңсесін биіктеткен ұлы тұлға. 1913 жылы Жетісудың қасиетті топырағында дүниеге келген ол бала кезінен халық әні мен күйдің нәрімен сусындап, жүрегіне өнердің шуағын сіңірді. Табиғи таланты мен қайсар еңбегінің арқасында ол қазақтың кәсіби музыкасының негізін қалап, ұлттық әуен мен әлемдік классиканы шебер ұштастырып, халқына мәңгілік мұра қалдырды.



жәдігерлер ұсынылды. Көрмеде Мұқан Төлебаевқа тиесілі ерекше тарихи экспонаттар — Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретіндегі куәлігі мен төсбелгісі, композитордың өз қолданысында болған телефон, ноталар жинағы, жарына жазған хаттарының түпнұсқалары, сирек фотосуреттер, алған марапаттары мен грамоталары, сондай-ақ композитор мен жұбайының атына рәсімделген ұшақ билеттері мен арнайы рұқсат қағаздары қойылып, келушілерге өткен дәуірдің шынайы келбетін сезінуге мүмкіндік берді. Кеш барысында Мұқан Төлебаев рухына тағзым етіліп, композиторға арналған шығармалар шырқалды. Оның ішінде «Кестелі орамал», «Тос мені тос», «Бақыт вальсі» сынды сырлы да әсем

әндер көрерменнің жүрегін тербетті. №54 орта мектептің оқушылары ұлы композиторға арналған шығармалардан — Қуат Қайранбаевтың «Әлдилейді ән бесік» және Жомарт Игіманның «Туған елге барын берген хас дарын» өлеңдерін мәнерлеп оқып, кештің рухани мазмұнын тереңдете түсті. Сонымен қатар, композитордың көзі тірісінде түсірілген сирек бейнекадрлар ұсынылып, жиналған қауымға өткен дәуірдің шынайы тынысын сезінуге мүмкіндік берді.

Іс-шара соңында музей жұмысына қолдау көрсетіп, рухани мұраны дәріптеуге үлес қосқан қонақтарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Мерекелік кешке аудандық мәслихат депутаты Асхат Искаков, ауыл тұрғындары, зиялы қауым

өкілдері, мекеме қызметкерлері және мектеп оқушылары қатысып, тағылымды шараның мәнін арттыра түсті.

Артында өшпес із қалдырған ұлы тұлғаның мұрасы — халықтың баға жетпес рухани қазынасы. Мұқан Төлебаевтың терең мағынаға, көркем әуезге толы шығармалары уақыт өткен сайын өз құндылығын жоғалтпай, қайта жаңғырып, жаңа ұрпақпен бірге мәңгі жасай бермек. Оның асыл туындылары қазақ халқының жүрегінде сақталып, ұлттық өнеріміздің алтын қорына айнала берері сөзсіз.

А.ЖУМАТАЕВА,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің меңгерушісі.

•1 сәуір – Халықаралық құстар күні

ҚҰСТАРҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ

Жыл сайын 1 сәуір күні әлемде Халықаралық құстар күні атап өтіледі. Бұл күн – табиғаттың ажырамас бөлігі болып табылатын құстарды қорғауға, оларға қамқорлық көрсетуге үндейтін маңызды мереке.

Құстар – табиғаттың көркі ғана емес, экологиялық тепе-теңдікті сақтаушы тіршілік иелері. Олар зиянды жәндіктерді жойып, өсімдіктердің тұқымын таратады. Құстардың сайраған үні адамға ерекше қуаныш сыйлап, табиғатқа жан біткендей әсер қалдырады. Әсіресе көктем мезгілі құстар үшін аса жауапты кезең. Олар ұя салып, балапан өрбітеді. Осы уақытта құстарға ерекше қамқорлық қажет. Адамдар ұяларды бұзбай, ағаштарды орынсыз кеспей, керісінше құстарға қолайлы жағдай жасауы тиіс. Мәселен, ағаштарға ұя іліп, жем салатын орындар дайындау – әркімнің қолынан келетін игі іс.

Сонымен қатар, мектептер мен отбасында балаларға табиғатты қорғау, құстарға жанашырлық таныту туралы тәрбие беру – болашақтың келілі. Табиғатқа деген сүйіспеншілік бала кезден қалыптасса, ол өмір бойы сақталады. Осы орайда «Жоңғар Алатауы» МҰТП тарапынан экожүйенің ажырамас бөлігі болып табылатын, біздің кішкентай достармыз – құстарды қорғау бағытында да көптеген жұмыстар жасалады. Атап айтқанда орманшылар ең алдымен құстардың мекен ету ортасын сақтауға көңіл бөледі. Олар ағаштарды ретсіз кесуге жол бермей, орманның табиғи қалпын қорғауға күш салады. Сонымен қатар, көктем мезгілінде құстар ұя салатын кезде ормандағы жұмыстарды шектеу арқылы олардың тыныштығын қамтамасыз етеді. Тағы бір маңызды іс – жасанды ұялар орнату. Кейбір құстар табиғи ұя таба алмай қиналған жағдайда, орманшылар арнайы ұялар жасап, ағаштарға іледі. Бұл құстардың көбейіп, санының артуына ықпал етеді. Қыс мезгілінде орманшылар құстарға жем шашып, оларды аштықтан қорғайды. Әсіресе қар қалың түскен кезде бұл жұмыс ерекше маңызға ие болады. Сонымен бірге, олар браконьерлікке қарсы күрес жүргізіп, құстарды заңсыз аулаудың алдын алады, ағарту жұмыстарын жүргізеді.

Сондықтан Халықаралық құстар күні – тек мереке ғана емес, әрқайсымызды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға шақыратын күн. Қанатты достарымызға қамқор болайық, оларды қорғайық – өйткені құстар аман болса, табиғат та, адамзат та аман болады.

Ж.АҚЖОЛОВ,
"Жоңғар-Алатауы" МҰТП РММ Сарқан филиалының Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Табиғаттағы биоалуантүрлілікті сақтау

Табиғаттағы биоалуантүрлілікті сақтау – қоршаған ортаны қорғау саласындағы маңызды міндеттердің бірі. Құстар табиғи экожүйенің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар зиянды жәндіктердің санын азайтып, өсімдіктердің тұқымын тарату арқылы табиғи тепе-теңдіктің сақталуына үлкен үлес қосады.

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағында құстардың көптеген түрлері мекендейді. Ұлттық парк олардың тіршілік етуіне қолайлы табиғи орта болып табылады. Құстарды қорғау және олардың мекендеу ортасын сақтау – ұлттық парк қызметінің негізгі бағыттарының бірі.

Қыс мезгілінде құстар үшін табиғи қорек көздерін табу қиынға соғады. Осыған байланысты ұлттық парк қызметкерлері табиғатты қорғау шаралары аясында құстарға қамқорлық көрсету жұмыстарын тұрақты түрде жүргізіп келеді. Орманшылықтар аумағында құстарға арналған жем салғыштар орнатылып, тұрақты бақылау және түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, ұлттық парк мамандары жергілікті тұрғындар мен жас ұрпақ арасында табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыру мақсатында экологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастырады. Табиғатты қорғау – тек мамандардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Құстарға қамқорлық көрсету – табиғатқа деген жанашырлықтың белгісі. Әрбір азамат қоршаған ортаға ұқыпты қарап, құстарды қорғауға өз үлесін қоса алады.

«Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ табиғи байлықты сақтау және биоалуантүрлілікті қорғау бағытындағы жұмыстарын алдағы уақытта да жалғастыра береді.

А.АБСЕИТ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ экологиялық ағарту инженері.



ПОЧЕМУ ВАЖНО БЫТЬ ТРУДОЛЮБИВЫМ?

Трудолюбие — это очень важное качество человека. Быть трудолюбивым значит не лениться, стараться и доводить начатое дело до конца. Каждый человек в жизни учится, работает и достигает своих целей благодаря труду.

Почему же важно быть трудолюбивым? Во-первых, труд помогает нам узнавать новое и становиться умнее. Когда мы выполняем домашние задания, читаем книги и учимся, мы развиваем свои знания и способности. Во-вторых, трудолюбие помогает достигать успеха. Ничего не получается само собой. Чтобы хорошо учиться, научиться рисовать, петь или заниматься спортом, нужно много тренироваться и стараться. Чем больше мы трудимся, тем лучше у нас получается. В-третьих, трудолюбивые люди вызывают уважение. Им доверяют, потому что они ответственные и всегда выполняют свои обязанности. Такие люди помогают другим и делают мир лучше.

Также труд учит нас терпению и настойчивости. Иногда что-то не получается с первого раза, но если не сдаваться и продолжать стараться, обязательно всё получится.

С детства важно привыкать к труду: помогать родителям, следить за своими вещами, аккуратно выполнять задания. Это поможет нам вырасти самостоятельными и успешными людьми.

В заключение хочется сказать, что трудолюбие — это ключ к успеху. Если человек старается и не боится труда, он обязательно добьётся своих целей.

А.ЖУМАГЕЛДИЕВА,
кл. руководитель 3 "в" класса Алмалинской СШ.

Майндфулнес және медитацияның пайдасы

Қазіргі заманда адамдар жиі күйзеліске түсіп, уайым мен асығыстыққа толы өмір сүруде. Осындай жағдайда ішкі тыныштықты сақтау қиынға соғады. Сол себепті соңғы жылдары майндфулнес пен медитацияға деген қызығушылық артып келеді. Бұл әдістер адамға қазіргі сәтте өмір сүруді үйретіп, ой мен эмоцияны реттеуге көмектеседі.

Майндфулнес (саналы зейін) – адамның дәл қазіргі сәтке толық назар аударып, өз ойы мен сезімін бағаламай қабылдай білуі. Ал медитация – осы күйге жетуге көмектесетін жаттығулар жиынтығы.

Бұл тәжірибелердің адамға тигізетін пайдасы өте көп: Яғни, стресс деңгейін төмендетеді. Күнделікті өмірдегі қиындықтар мен уайымдар адамды шаршатады. Медитация жасау арқылы адам тынышталады, жүйке жүйесі демалады. Зейінді арттырады. Майндфулнес жаттығулары адамның назарын бір нәрсеге ұзақ уақыт ұстап тұруға көмектеседі. Бұл оқу мен жұмыс барысында өте пайдалы. Эмоцияларды басқаруға үйретеді. Адам ашуланғанда немесе қобалжығанда, майндфулнес арқылы өз сезімін бақылап, дұрыс әрекет жасай алады. Ұйқыны жақсартады. Медитация алдында жасалған тыныс алу жаттығулары ұйқыға тез кетуге көмектеседі. Жалпы психикалық денсаулықты жақсартады. Майндфулнес адамға өзін жақсырақ түсінуге, ішкі тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Майндфулнес пен медитация – қарапайым, бірақ өте тиімді әдістер. Олар адамның психологиялық жағдайын жақсартып, өмір сапасын арттырады. Күнделікті аз уақыт бөліп, осы тәжірибелерді қолдану арқылы әр адам ішкі тыныштық пен үйлесімділікке қол жеткізе алады. Бастау үшін күрделі нәрсе қажет емес. Күніне 5–10 минут тыныш жерде отырып, тек тыныс алуға назар аудару жеткілікті. Біртіндеп бұл әдетке айналып, өмірдің бір бөлігі болады.

Л.МАМЫРБЕКОВА,
«Сенім» Сарқан күндізгі болу орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологы.

БЕЗГЕК (Малярия) және одан сақтану жолдары

Безгек (Malaria - безгек) — бұл Plasmodium тұқымдасына жататын паразиттер тудыратын, адам өміріне қауіпті жұқпалы ауру. Ол негізінен Anopheles текті аналық масалардың шағуы арқылы тарайды.

Қазақстан 2012 жылдан бастап безгектен таза ел ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) сертификатын алған. Алайда, отандастарымыз тропикалық елдерге жиі саяхаттайтындықтан, «сырттан келетін» (әкеленетін) жағдайлар әлі де кездеседі. Безгектің белсенді ошақтары ыстық және жылы тропикалық елдерде: Оңтүстік-Шығыс Азия, Орталық және Оңтүстік Америка, Африка, ТМД - Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстанда.

Аурудың белгілері: ұстамалы қызба, қалтырау (2-3 күн), тоңу, дене қызуының жоғарылауы және күрт төмендеуі, денені тер басу. Ұстамалы қызба безгектің түріне қарай күн сайын немесе әр 2 -3 күн сайын қайталанып отырады. Бірнеше аптадан кейін жоғарыда аталған ауру белгілері өздігінен басылады да, аурудың жасырын созылмалы түрі басталады. Адам иммунитеті төмендеген кезде ауру белгілері қайталануы мүмкін.

Безгек ауруларының ішінде тропикалық безгек өте ауыр түрде өтеді, уақытында ем қабылдамаса науқас

адамның миына зақым келіп, өліп кетуі мүмкін. Безгектің осы түрі кезінде науқастың дене қызуы (39-40°C) көтеріледі, басы қатты ауырады, ұйқышылдық басып, сандырақтайды, санасы шатасады.

Безгекті өздігінен емдеуге болмайды. Аурудың клиникалық белгілері болса немесе оған сезіктенген жағдайда дереу дәрігерге қаралып, қанды тексерту қажет.

Безгектің алдын алу жолдарын ең алдымен осы ауру кең тараған елдерге баратын адамдар жақсы білуге тиісті. Безгек ауруынан оған қарсы дәрі-дәрмектерді қабылдау және масалардың шағуынан қорғану арқылы сақтануға болады.

Безгек ауруына қарсы вакцинаның жоқ болуына байланысты, алдын алу мақсатында тек химиялық препараттар қолданылады. Безгекке қарсы күрестің барынша тиімді түрі-науқасты және паразит тасымалдаушыны ерте анықтау болып табылады. Сондықтан, Қазақстанға қайтып келгеннен кейін тұрғылықты жері бойынша учаскелік дәрігерге безгек ауруы бойынша эндемиялық елден келгенді туралы хабарлап, дене қызуы көтерілген жағдайда бірден емдеу алдын алу мекемелеріне барып, қанды безгек ауруына тексерту қажет.

Безгек ауруы кең тараған елдерге баратын барлық Қазақстан

Республикасының азаматтары осы елдерге барар алдында міндетті түрде емдеуші дәрігеріне қаралып, безгектің алдын алу шараларымен танысуы және безгекке қарсы қолданылатын химиялық препараттарды қабылдау жөнінде кеңес алуы керек. Дәрінің мөлшері мен қабылдау тәртібін дәрігер анықтайды. Безгектің алдын алу үшін қолданылатын дәрілерді эндемиялық елдерге баруға бір апта қалғанда қабылдау керек.

Безгекке қарсы дәрілерді ұдайы пайдалану арқылы ғана тропикалық елде безгектен сақтануға болатынын естеріңізден шығармаңыздар! Безгектен қорғандық ең қарапайым жолы - масаны денеге жолатпау болып табылады. Безгек масалары адамды түнгі уақытта шағады, сондықтан қараңғы түскеннен кейін үйге кіру қажет. Кеш уақытында денені толық жауып тұратын киімдерді киіп, терінің ашық қалған жерлеріне репелленттерді жұқа етіп жағу керек.

Алдын алу ережелерін бұлжытпай орындаған жағдайда ғана, өзіндік безгек ауруын жұқтырудан сақтануға болатынын естен шығармаңыз!

Е. ФЕДОСЕЕВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

СТЕНОКАРДИЯ - ишемическая болезнь сердца

Термин ишемическая болезнь сердца была впервые описана в 18 веке. Официально термин ишемия впервые принят ВОЗ – всемирной организацией здравоохранения в 1960 году. Ишемическая болезнь сердца это недостаточность кровоснабжения сердечной мышцы. Ишемия в переводе с латинского языка означает недостаточность кровоснабжения. Сердце – это орган человека который работает непрерывно нуждается в кислороде и других питательных веществах. При нагрузке потребность кислорода возрастает и других питательных веществ. А при ишемии сердце вынужденно работает усиленно сокращается быстрее, появляется нарушение ритма сердца в виде усиления сердцебиения – тахикардия. Стенокардия это сужение сосудов сердца от греческого слова стено-узкий, тесный сосуд сердца. Также в простонародии называется "грудная жаба". Симптомы –признаки стенокардии – периодически возникающая дискомфорт за грудиной возникающая при физической нагрузке или при стрессе. Если по какой-нибудь причине приступы изменились, стали более частые, длительные, стали возникать при меньшей нагрузке или даже в покое и таблетки которые принимают для снятия приступа не стали помогать или увеличилось число таблеток –нитроглицерин изокет спрей то надо обратиться немедленно к врачу. Может возникнуть осложнение – инфаркт миокарда. Запомните при правильном выполнении совета врача СТЕНОКАРДИЯ не должна мешать вашей повседневной жизни ваших движений.

Факторы риска провоцирующие приступ стенокардии: 1. физическая нагрузка; 2. эмоциональный стресс; 3. повышение артериального давления; 4. обильный прием пищи богатой жирной пищей; 5. Выход на холод и ветер; 6. курение; 7. Диабет прогрессирующее ожирение; 8. малоподвижный образ жизни; 9. недостаток витамина – А В С и минералов -калий магний. Стенокардия –грудная жаба –длительная боль за грудиной сжимающего и давящего характера отдающие в левую руку, лопатку,

плечо, шею, нижнюю челюсть.

Причины возникновения боли являются чрезмерная физическая нагрузка, повышение артериального давления, выход на холод на сильный ветер, обильный прием пищи, эмоциональный стресс. Боль обычно проходит через 3-5 минут после прекращения нагрузки или после приема нитроглицерина под язык или приема спрея изокета, причина приступа это атеросклеротическое поражение сосуда сердца жировыми бляшками. Атеросклероз образуется мужской пожилой возраст нарушение липидного обмена повышение артериального давления, курение, сахарный диабет, повышение сердечных сокращений, нарушение свертываемости крови, низкая физическая активность, избыточная масса тела, злоупотребление алкоголем, малоподвижный образ жизни, хронический стресс, употребление высококалорийной жирной пищи. В лечении стенокардии надо учитывать факторы риска конкретного больного. Частота стенокардии увеличивается с возрастом. У женщин от 45-70 лет у мужчин от 45-75 лет.

Диагностика стенокардии по клиническим признакам – результаты ЭКГ, ЭХОКГ и Велоэргометрия, лабораторная диагностика, КАГ, радиоизотопная исследование контрастированием сосудов сердца.

Лечение стенокардии немедикаментозное лечение – физическая активность -7 дней в неделю 30 минут –ЗОЖ. Ходьба.

Правильное питание – следить за нормальным весом, низкокалорийная диета. Прекращение курения. Следить за липидным спектром лпнп –больше 1,8 лпвп меньше 1,2 ТГ больше 1,7 холестерин меньше 4,5 м/моль.

Медикаментозное лечение статин - аторвостатин, розувостатин, торвокард, фибраты, тромболитики тромбол, тромбоасс 75, кардиомагнил 75, 150 мг, беттоблокаторы, нитраты –кардикет, эринит итд.

С. ТУЛЕГЕНОВА,

врач терапевт Сарканской ЦРБ.

Туберкулездің алдын алу

Туберкулез көбіне тыныс алу мүшелерін (ең бастысы өкпе мен бронхты) зақымдайды, бірақ басқа да мүшелерді зақымдауы мүмкін, мысалы, сүйектер мен бұлшықеттер. Осы айырмашылықтарына қарай туберкулездің екі негізгі түрі бар: өкпе туберкулезі және өкпеден тыс туберкулез.

Өкпе туберкулезі ұзақ уақыт бойы симптомсыз өтеді және флюорография немесе кеуде жасушасын рентген суретіне түсірген кезде анықталады.

Туберкулездің белгілері жөтелу және қақырықтың бөлінуімен жөтелу, кейде қанмен; ұзақ уақыт бойы 37-37,5 градусқа дейін дене қызуының жоғарлауы; тез шаршау және әлсіздіктің пайда болуы; төбеттің болмауы немесе азаюы, салмақ түсіру; көп терлеу, әсіресе түнде; денеге кішкене жүк түсірген кезде ентіге бастау. Аталғандардың бір белгісі немесе екі немесе үш белгісі болуы мүмкін. Міндетті емес белгілердің бірі жөтел болады. Үш аптаның ішінде жоғарыда аталғандардың біреуі сақталған кезде бірден терапевт немесе фтизиатр дәрігерге шұғыл бару керек. Туберкулезді ерте анықтау және дұрыс емдеу кезінде жұқтырған адамдар бактерия таратуды тоқтатады және емделуі мүмкін.

Ауру қалай таралады. Халық үшін негізгі қауіп өкпе туберкулезі, өйткені ауруды тарату жолы – ауа-тамшы арқылы. Дені сау адам туберкулезбен ауыратын науқас жөтелген, түшкірген және онымен сөйлескен кезде жұқтыра алады. Туберкулездің ашық түрімен ауыратын бір науқас 24 сағат ішінде он миллиард бактерия бөледі, жөтелген кезде ауа арқылы таралады және қоршағандарға жұқтырады. Туберкулезбен ауыратын жануарлардан сүт өнімдерін пайдалану кезінде болмашы жұқтыруы мүмкін.

Туберкулез: қол алысу ортақ дәретхананы қолдану ыдыс-аяққа, төсек-орын мен киімге жанасқан кезде жұқпайды. Туберкулезбен кім ауруы мүмкін? Туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыста болған кез келген адам туберкулезбен ауруы мүмкін. Байланыстың жақын болғанына қарай, ауру қауіпі жоғары болады. Негізінен, туберкулездің дамуына ағзаның қорғаныш күштерінің азаюы әсер етеді: басына түскен қатты ауру, дұрыс тамақтанбау, күйзелісті жағдайлар, АИТВ-инфекция. Туберкулезді әсіресе мектеп жастағы балалар мен егде адамдар қабылдайды. Бірақ туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыс жасаған адамдардың барлығы ауырмайды. Негізгі фактор – иммунитеттің азаюы, оның себептері: шылым шегу; күйзеліс жағдайлар; жеткіліксіз және дұрыс тамақтанбау; жаман тұрмыстық жағдай; маскүнемдік; нашақорлық; АИТВ/ЖИТС; созылмалы өкпе ауруы болуы мүмкін. Салауатты өмір салтын ұстанайық!

Г.ОСПАНОВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау

басқармасының бас маманы.

Парк аумағындағы Тянь-Шань қоңыр аюының таралу аумағы

Тянь-Шань қоңыр аюы Жоңғар-Алатауы Мемлекеттік Ұлттық Табиғи Паркінің биоалуантүрлілігін айқындайтын сирек әрі маңызды жануарлардың бірі. Бұл ірі жыртқыш таулы аймақтардың табиғи экожүйесінде ерекше орын алып, табиғаттағы тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Парк аумағында мекендейтін Тянь-Шань қоңыр аюының 2021-2025 жылдар аралығындағы таралу аумағы мен санын нақтылау мақсатында ғылыми зерттеу жұмысы қолға алынған болатын. Тянь-Шань қоңыр аюы туралы олардың мекендейтін жерлерін санын анықтау мақсатында далалық іс-сапарлар және фототүзақ құрылғыларын орнату жұмыстары үнемі жүргізіліп тұрды. Парк аумағында мемлекеттік инспекторлармен бірлесіп жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесінде таралу аумақтары Сарқан, Лепсі, Алакөл филиалдарының барлық аумақтарында мекендейтіні анықталды. Таралу аумағымен қатар санақ жұмыстары бірге жүргізіледі. Санақ нәтижесі бойынша 2021 жылы- 242 бас, 2022 жылы -215 бас, 2023 жылы- 300 бас, 2024 жылы -305 бас, 2025 жылы -299 бас Тянь-Шань қоңыр аюы есепке алынды. Бұл дегеніміз 2021-2025 зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қорғау, қалпына келтіру жұмыстарының жақсы жүргізілуіне байланысты және парк аумағында Тянь-Шань қоңыр аюына азық қорының жеткілікті болуының нәтижесінде осы түрдің қазіргі жағдайы тұрақты екенін көрсетеді. Тянь-Шань қоңыр аюын қорғау парк қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Табиғи ортаны сақтау, браконьерлікке жол бермеу және ғылыми бақылау жүргізу арқылы бұл ерекше жануардың популяциясын тұрақты деңгейде ұстап тұруға жағдай жасалуда. Табиғатты қорғау-әр адамның ортақ міндеті. Сондықтан ұлттық парк аумағында болған кезде табиғатты аялау, белгіленген ережелерді сақтау және жабайы жануарларды мазаламау -табиғи байлықтарды келешек ұрпаққа аман жеткізудің маңызды шарты.

Ж.КУМАРГАЛИЕВ,
жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту бөлімінің аңшылықтанушысы.

Зейнеткерлікке шығарып салды

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында «Сарқан» шекара бөлімінің келісімшарт бойынша әскери қызметшісі, старшина А.К. Калиеваны құрметті зейнеткерлікке шығарып салу шарасы өтті.

Іс-шара барысында оның ұзақ жылдар бойғы адал қызметі атап өтіліп, әріптестері тарапынан алғыс білдіріліп, ізгі тілектер айтылды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.



Айтар алғысым шексіз!

Бас ауырып, балтыр сыздаса баратын жеріміз аурухана. Осы ретте Бақалы ауылының бас дәрігері Гүлнар Әйкетова, аға медбике Аида Төлеубекова, Балжан Мырзаханова, Нұргүл Тұралықова және де Ажар қызымызға айтар алғысым шексіз. Ақ халатты абзал жандар алдарына барғанда қошемет көрсетіп тұрады. Көңілі көл дария көпшіл, көңілді осы жандар көп жасасын. Көпшіліктің орынды қошаменет-құрметіне бөлене берсін деген жүрежарды алғысымды айтамын!

Жексенбай ӨМІРБЕКОВ,
Бақалы ауылының тұрғыны.

Қолы алтын, жүрегі нұрлы

Адам ауырып, жаны қысылғанда дәрігер іздейтіні белгілі. Мұндайда уайым кешкен жүрекке сабыр сыйлайтын, күдікті сейілтіп, үмітті жандырып, аурудан айықтыру үшін бар күш-жігерін аямайтын қолы алтын, жүрегі нұрлы ақ халатты жандардың еңбегі өлшеусіз ғой. Жуырда мен қатты ауырып Сарқан аудандық орталық ауруханасының инфекция бөліміне түстім. Түн ішінде есікті күлімдей ашқан, жарқын жүзді Ақмарал ханым лезде менің ем-домыма кірісіп кетті, қасымнан бір елі кетпей мені бақылауда ұстады. Кезектегі тазалықшы қызға да көп рахмет. Таң ата палатаға жүзіне мейірім толған, сымбатты да көрікті Алуа Маликқызы кіріп келгенде еміне дауа іздеген әрбір жан дәрігердің жанашырлыққа толы жүрегі мен мейірімді жүзіне қарап- ақ талай жанға үміт сыйлап, өмірге деген сенімін арттырады.

Жоғарыда аталған бөлімнің барлық ұжымына көрсеткен қамқорлықтарыңыз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін ризашылығым шексіз. Еңбектеріңіз жемісті болып, абыройларыңыз асқақтай берсін. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, адам өмірін арашалап жүрген еңбектеріңіз әрқашанда құрметке ие болсын.

Құрметпен қала тұрғыны **Г. САГИМБАЕВА.**

Сен туған күн, мерекеніңен!

Құрметті Бекова Гүлмира Құрманбекқызы!

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздің 40 жылдан астам білім саласына арнаған саналы ғұмырыңыз бен ерен еңбегіңіз, ұрпақ тәрбиелеудегі өлшеусіз үлесіңіз, ұжымға бағыт-бағдар беріп, кемел көшбасшы бола білгеніңіз – бәріміз үшін үлкен өнеге мен мақтаныш.

Сіз басқарған жылдар ішінде мектебіміз талай белестерді бағындырып, жетістіктерге жетті. Әрбір шәкірттің жүрегінде, әріптестеріңіздің жадында Сіздің мейіріміңіз, парасатыңыз, әділдігіңіз бен адамгершілік қасиеттеріңіз мәңгі сақталады. Сіз тек басшы ғана емес, ұстаздардың ұстазы, көпке үлгі бола білген дара тұлғасыз.

Осы бір өмір белесінде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығын, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз! Алдағы уақытта немерешөберелеріңіздің қызығын көріп, еңбегіңіздің зейнетін бейбіт те бақытты ғұмырмен өткеріңіз.

Ізгі тілекпен: **Н.Островский атындағы мектеп-лицей ұжымы және кәсіподақ ұйымының төрайымы Л.Турганова.**



Құрметті Гүлмира Құрманбекқызы!

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен ата-аналар қауымы атынан шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздің ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбегіңіз, білім мен тәрбие жолындағы адалдығыңыз, әрбір оқушыға деген қамқорлығыңыз – баршамыз үшін үлкен құрметке лайық. Сіз басқарған оқу ордасында біздің балаларымыз сапалы білім алып қана қоймай, адамгершілігі мол, саналы азамат болып қалыптасты. Бұл – Сіздің көреген басшылығыңыз бен ұстаздық ұлағатыңыздың жемісі.

Сіз әрдайым ұжым мен ата-аналар арасында берік байланыс орнатып, түсіністік пен сенімге негізделген орта қалыптастыра білдіңіз. Сол үшін Сізге айтар алғысымыз шексіз. Осы бір айтулы кезеңде Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз!

Құрметпен: **Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің ата-аналары.**

Хабарландыру/ Объявление

•**Көрменбаев Серикжан Умерзаковичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Көктерек ауылдық округінің аумағында орналасқан 1032 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 24-263-069-159) жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

•Открылось наследство после смерти гр. **Ахмадиевой Раисы Ивановны**, умершей 21 ноября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарқанский район, город Сарқан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.

•**Касимбеков Дархан Метербаевичтің** атына тіркелген MAZDA 323 маркалы автокөліктің VJ 99996364 номерлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Орман байлығын сақтайық

«Адамның табиғатсыз күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ», демекші табиғаттың бір бөлшегі болып табылатын орман да шексіз емес. Мұның сыртында өнеркәсіптік игеруді айтпағанда жасыл желек ағаштарға өрттің де қауіпі орасан зор екендігі даусыз.

Ормандағы өрт табиғи жолмен қатар адамдардың кесірінен пайда болады. Мұның сыры табиғат баурайында демалып тынығуға шыққан кей азаматтар қауіпсіздік ережелерін сақтамай және де шөп шабу, егін жинау науқандарында өрт шығып жатады. Бұл жүйеде сол орманды мекендейтін аң-құстар мен түрлі тіршілік иелері де осы өрттің зардабын тартады. Өзен бойларын судан қорғауға, құмдардың көшіп жүруіне орман ағаштары зор пайдасын тигізуде.

Сол қатарда кесеуіл, жыңғыл, ешкітал сияқты орман қорларын сақтау жұмыстары бар. Сондықтан еліміздің фаунасын келер ұрпаққа мұрагер ретінде қалдыруымыз үшін орманға серуенге шыққанда өрт қауіпсіздік ережесін мүлтіксіз орындағанымыз жөн. Жалпы ормандағы өрт көбіне көктемнің соңында және жаз аяғы мен күздің қыркүйек, қазан айларында көп тіркеледі. Құраған шөпке түскен темекі тұқылы алып алқаптың өртке орануына қауіп төндіретіндіктен орманда отқа ас пісіру түгілі шылым шегу көп шығын алып келеді.

Осыған орай құрметті табиғат аясына келіп демалушылар мен орман пайдаланушылар, табиғатта болған кезде Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтап, отты арнайы белгіленген жерлерде жағуды ескертеміз. Себебі от – тілсіз жау, ормандағы өрт қауіпсіздігі ережесін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке алып келетіндігін естеріңізге саламыз.

А. МОЛДАБАЕВ,
Берлітөбе ОШКММ-нің Көкжиде орманшылығының ағаш шебері.

"Сарқан" газетінің ұжымы газетіміздің жанашыры, Лепсі ауылдық пошта торабының меңгерушісі Қиясова Жазира Кәрімқызына анасы **Сақыпжамал Досқызының** қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«BaskanIrrigation» ЖШС «Оңтүстік аймақта 30 МВт су электр станциясын салу» (Су қоймасы бар Покатиловская 30 МВт су электр станциясын салу) жұмыс жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдау 2026 жылғы 14 мамыр сағат 15:00-де Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі, Алмалы ауылы, Тынышбаев көшесі, 5а мекенжайы бойынша өтеді. Zoom сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XlJfSf9Sgc0kmSFTiZfpYphPN2J4qNS.1&omn=81375833307>.

Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71.

Әсер ету аумағы: 45°41'73.89"С, 80°09'73.47"В.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электрондық пошта: priroda@zhetisu.gov.kz, тел. 8(728)232-98-67. жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «BaskanIrrigation» ЖШС, БСН: 161140019503, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, №34/1 үй, 3-пәтер. Басшысы: Синьков Игорь Николаевич. Құжаттаманы әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «Каз Гранд Эко Проект» ЖШС, тел.: 8 (775) 324-50-05, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б, БСН: 111040001588.

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: 8 (775) 324-50-05, e-mail: sholpik@mail.ru.

Объявление

ОО «BaskanIrrigation» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по рабочему проекту «Строительство ГЭС мощностью 30 МВт в Южной Зоне» (Строительство Покатиловской ГЭС мощностью 30 МВт с водохранилищем).

Слушания состоятся: 14 мая 2026 года в 15:00, по адресу область Жетісу, Сарқанский район, Алмалинский с.о., с.Алмалы., ул.Тынышбаева 5а. ссылка Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XlJfSf9Sgc0kmSFTiZfpYphPN2J4qN.1&omn=81375833307>.

Идентификатор конференции: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71.

Территория воздействия: 45°41'73.89"С, 80°09'73.47"В.

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу». Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru>, так же официальный сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электронная почта: priroda@zhetisu.gov.kz, тел. 8(728)232-98-67. Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «BaskanIrrigation» БИН: 161140019503, Адрес: г.Алматы, Медеу-ский район, пр.Достык, дом №34/1, квартира 3.Руководитель: Синьков Игорь Николаевич. Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел 8(775)3245005 город Шымкент ул. Байтұрсынова 20 б. БИН 111040001588.

Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru.